

2000 жылдың жазғы кезеңінде балалар мен жасөспірімдердің демалысын, сауықтыруды және жұмыспен қамтуды ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 2000 жылғы 21 наурыз N 416

2000 жылдың жазғы кезеңінде балалар мен жасөспірімдердің демалысын, сауықтыруды және жұмыспен қамтуды ұйымдастыру, балалардың бақылаусыз қалуының, тәртіп бұзушылығының және қылмыс жасауының алдын алу, қауіпсіздігін нығайту және шығармашылық дамуы үшін қажетті жағдай жасау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі:

1) жергілікті бюджеттерде балалармен мәдени іс-шаралар жүргізуге көзделген қаражаттың, сондай-ақ демеушілік және қайырымдылық көмектерді тартудың есебінен 2000 жылдың жазғы кезеңінде балалар мен жасөспірімдердің демалысын, сауықтыруды және жұмыспен қамтуды ұйымдастырсын және жүргізісін;

2) облыстардың, қалалардың және аудандардың ерекшеліктерін, экономикалық жағдайларын, ата-аналар мен балалардың ұйымдасқан демалысқа сұраныстарын ескере отырып, 2000 жылдың жазғы кезеңінде балалар мен жасөспірімдердің демалысының, оларды сауықтырудың және жұмыспен қамтудың бағдарламаларын әзірлесін және б е к і т с і н ;

3) балалар мен жасөспірімдердің демалысын, сауықтыруды және жұмыспен қамтуды ұйымдастыру жөніндегі облыстық, қалалық және аудандық комиссиялар қ ұ р с ы н ;

4) барлық лагерьлер мен демалыс орындарының есебін алуды жүргізісін, бос және иесіз лагерьлердің болуына жол бермей, олардың толық пайдаланылуына шаралар қ а б ы л д а с ы н ;

5) бірінші кезекті тәртіппен жетім балалардың, ата-аналарының қарауынсыз қалған балалардың, аз қамтамасыз етілген, көп балалы, толық емес отбасылардан және жұмыссыздардың отбасыларынан балалардың, экологиялық қолайсыз аудандарда тұратын балалардың, мүгедек балалардың демалысын және сауықтыруды ұйымдастыруды қамтамасыз етсін;

6) күндіз болатын мектеп жанындағы лагерьлерді, мектептен тыс мекемелер жанындағы лагерьлерді, стационарлық және мектеп жанындағы лагерьлерді, еңбек және демалыс лагерьлерін, мектеп орманшылығын ұйымдастырсын;

7) каникул кезеңінде жасөспірімдерді жұмыспен қамтуды және заңдарға сәйкес олар үшін жеңіл еңбек бойынша жұмыс орындарын ұйымдастыруды қамтамасыз ету

жөнiнде шаралар қабылдансын;

8) балалар мен жасөспiрiмдер күндiз болатын сауықтыру лагерьлерiнiң жүйесiн дамытуға жәрдемдесiн;

9) жазғы каникул кезеңiнде барлық мектептен тыс ұйымдардың балалармен жұмыс iстеуiн қамтамасыз етсiн;

10) балалардың сауықтыру ұйымдарында өртке қарсы қауiпсiздiктi сақтауды қамтамасыз етсiн.

2. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келiсiм министрлiгi:

1) мәдениет ұйымдарының жазғы кезеңде балалар мен жасөспiрiмдердiң демалысын, оларды сауықтыруды және жұмыспен қамтуды жүргiзуге қатысуын қамтамасыз етсiн;

2) бұқаралық ақпарат құралдарында балалар мен жасөспiрiмдердiң жазғы демалысы, сауықтыру және жұмыспен қамту мәселелерiн жариялап тұрсын.

3. Қазақстан Республикасының Iшкi iстер министрлiгi:

1) балалардың сауықтыру ұйымдарында балаларды тасымалдау қауiпсiздiгiн сақтауды және қоғамдық тәртiптi сақтауды қамтамасыз етсiн;

2) жазғы каникул кезеңiнде жолдар мен көшелерде балалардың жарақат алуын төмендететiн алдын алу шараларын көздесiн.

4. Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөнiндегi агенттiгi жазғы каникул кезеңiнде:

1) спорт ұйымдарының балалармен және жасөспiрiмдермен жұмысқа қатысуын қамтамасыз етсiн;

2) балалар мен жасөспiрiмдер үшiн спорттық-бұқаралық, сауықтыру iс-шараларын ұйымдастырсын.

5. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау iсi жөнiндегi агенттiгi:

1) балалардың сауықтыру ұйымдары орналасқан жерлерде

санитарлық-эпидемиологиялық саулықты қадағалаудың тиiстi деңгейiн қамтамасыз етсiн;

2) балалардың сауықтыру ұйымдарында медициналық қызмет көрсетудi бақылауды қамтамасыз етсiн.

6. Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөнiндегi агенттiгi балалардың сауықтыру ұйымдарында өртке қарсы қауiпсiздiктi қамтамасыз етуге жәрдем көрсетсiн.

7. Осы қаулы қол қойылған күнiнен бастап күшiне енедi.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрi

Оқығандар:
Қобдалиева Н.М.
Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК